2025 жылға арналған диссертациялық кеңестің жұмыс туралы жылдық есебі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (бұдан әрі – ОВПО) жанындағы «6D030100, 8D04203 – Құқықтану; 6D030200, 8D04201 – Халықаралық құқық» мамандықтар/білім беру бағдарламалары тобы бойынша диссертациялық кеңес.

1. **Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер:** 21
2. **Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):** Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері жоқ.
3. **ЖЖОКББҰ-ны көрсете отырып, докоранттардың тізімі:**

№	Аты-жөні	ЖЖОКББҰ	Мамандығы / ББББ	Диссертация тақырыбы	Қорғау күні
1	Тұрлыханқызы Құралай	Инновациялық Еуразиялық университет	8D04201 – Құқықтану	Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу	21.02.2025
2	Ван Хэюн	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	8D04201 – Халықаралық құқық	Jurisdiction of the International Criminal Court on the Prosecution of Individual	27.02.2025
3	Калшабаева Маншук Женисбаевна	«Тұран» университеті	8D04201 – Құқықтану	Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері	27.02.2025
4	Ауғанбай Алтынай Қайратқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6D030100 – Құқықтану	Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлердің құқықтық режимі (халықаралық жүзе және ұлттық тәжірибе)	14.03.2025
5	Сайпинов Данияр Романович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6D030100 – Құқықтану	Қазақстан Республикасындағы ауылшаруашылық мақсатына арналған жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу (халықаралық және ұлттық тәжірибе)»	14.03.2025
6	Калмурзаев Болат Аюбаевич	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	6D030100 – Құқықтану	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік-құқықтық іс-әрекет мәселелері	26.04.2025

7	Оспанова Дарига Казбековна	Каспий қоғамдық университеті	8D04251 – Жеке құқық	Суды по делам несовершеннолетних и семьи: зарубежный опыт и казахстанская практика	30.04.2025
8	Жунисов Жасулан Сейткаримович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6D030200 – Халықаралық құқық	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктері	11.06.2025
9	Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлы	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	6D030100 – Құқықтану	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы	12.06.2025
10	Кожамбеков Даулет Рысбекович	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	6D030100 – Құқықтану	Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері	12.06.2025
11	Ахметова Асем Алтынбековна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	8D04201 – Халықаралық құқық	Международно-правовое регулирование торговли зерном	25.06.2025
12	Мақсатов Нұржан Ришатұлы	Каспий қоғамдық университеті	6D030100 – Құқықтану	Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қараудың ерекшеліктері	25.06.2025
13	Нартай Ажар Нартайқызы	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	6D030100 – Құқықтану	азақстан Республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері	03.07.2025
14	Медетов Алимардин Шахмардинович	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	6D030100 – Құқықтану	Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері	04.07.2025
15	Тағайбек Қымбат	Әл-Фараби атындағы	8D04201 – Құқықтану	Криминологическая характеристика жертв	04.07.2025

	Талғатқызы	Қазақ ұлттық университеті		насилия в семье (по материалам города Алматы)	
16	Чжан Цзю	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	8D04201 – Халықаралық құқық	Legal Aspects of Trade and Economic Cooperation within the Framework of the Shanghai Cooperation Organization	08.12.2025
17	Срапилов Султанмурат Мухамедович	Қонаев университеті	6D030100 – Құқықтану	Теоретико-правовые проблемы модернизации деятельности органов исполнительной власти в условиях информационного общества	08.12.2025
18	Бидайшиева Адеми Бахытбековна	Каспий қоғамдық университеті	6D030100 – Құқықтану	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері	10.12.2025
19	Дүйсенқұл Ақжан Ғазизқызы	«Тұран» университеті	8D04201 – Құқықтану	Legal regulation of state electronic service: current problems and ways to improve	10.12.2025
20	Бисалиев Марлен Сакенович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	8D04201 – Халықаралық құқық	Международно-правовые аспекты защиты личной информации в глобальном и национальном информационном пространстве	26.12.2025
21	Данияров Санжар Дауренович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	8D04203 – Құқықтану	Уголовно-правовые и криминологические проблемы злоупотребления должностными полномочиями и превышения власти или должностных полномочий	30.12.2025

4. Есептік кезең ішінде диссертациялық кеңес қараған диссертацияларға қысқаша талдау

1. Қаралған жұмыстардың тақырыптық бағытына талдау

Есептік жылы заң бейініндегі мамандықтар / білім беру бағдарламалары тобы бойынша диссертациялық кеңес 21 диссертациялық жұмысты қарап, олар табысты қорғалды.

Диссертациялық зерттеулердің негізгі бөлігі заң ғылымының дәстүрлі және заманауи бағыттары бойынша ұсынылды, бұл заң факультетінің ғылыми мектептерінің орнықты дамуын көрсетеді. Диссертациялар тақырыптары қазіргі заманғы заң ғылымының өзекті мәселелерінің кең ауқымын қамтыды, оның ішінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық, азаматтық және кәсіпкерлік құқық, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығы, сондай-ақ халықаралық және салыстырмалы құқық салалары.

Диссертациялық зерттеулерде қоғамдық қатынастарды цифрландыру жағдайында құқықтық реттеу мәселелеріне, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын жетілдіруге, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ құқық қолдану практикасының өзекті проблемаларына ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, диссертациялық кеңестің қызметі аясында құқықты экономикамен, саясаттанумен, ақпараттық технологиялармен және әлеуметтанумен тоғыстыратын пәнаралық сипаттағы жұмыстар да қорғалды, бұл жүргізілген ғылыми зерттеулердің кешенді әрі қолданбалы сипатын растайды.

2. Диссертациялар тақырыптарының ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Диссертациялық зерттеулердің тақырыптары Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарына, сондай-ақ құқықтық саясат, цифрлық трансформация, орнықты даму және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру саласындағы стратегиялық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.

Зерттеулер Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасының ережелерін іске асыруға, құқықтық жүйені жаңғырту, заң үстемдігін нығайту және құқықтық мемлекетті дамыту міндеттерін шешуге бағытталған.

Жария және жеке құқық саласындағы жұмыстар мемлекеттік органдардың, сот және құқық қорғау органдарының қызметі үшін, сондай-ақ нормашығармашылық қызметті сараптамалық-талдамалық сүйемелдеу тұрғысынан практикалық маңызға ие.

Халықаралық және салыстырмалы құқық саласындағы диссертациялық зерттеулер халықаралық құқықтық ынтымақтастықты дамытуға, ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттармен үйлестіруге және қазақстандық заң ғылымының халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

3. Диссертация нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілу деңгейін талдау

Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру процесіне және ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді түрде енгізілуде.

Диссертация материалдары оқу курстарын, оқу-әдістемелік құралдарды, элективті пәндерді әзірлеу және жаңарту барысында, сондай-ақ ғылыми жарияланымдар мен талдамалық қорытындылар дайындау кезінде пайдаланылуда.

Жекелеген зерттеу нәтижелері заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу барысында құқық қолдану және сараптамалық қызметте қолданыс тапты.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (ең төмен сападағы пікірлерге мысалдармен)

Есептік жылы диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері ұсынған пікірлер, жалпы алғанда, толыққанды, дәлелді және аналитикалық тұрғыдан негізделген болды. Олар диссертациялық зерттеулердің өзектілігін, ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық маңызын көрсетті.

Сонымен қатар, келіп түскен рецензияларды талдау барысында жекелеген пікірлерде формализмнің белгілері, сын-ескертпелердің жеткіліксіз дәлелденуі және зерттеу нәтижелерінің практикалық қолданылуына шектеулі талдау жасалған жағдайлар анықталды.

Бір диссертациялық жұмыс бойынша кеңес тарапынан жұмыстың мазмұнына да, ұсынылған рецензиялардың сапасына да қатысты елеулі ескертпелер айтылып, диссертация доработкаға жіберілді. Ескертпелер жойылғаннан кейін жұмыс қайта қаралып, табысты қорғалды.

Бұл практика диссертациялық кеңестің диссертациялық зерттеулердің сапасына қойылатын талаптардың жоғары деңгейін, сараптамалық бағалаудың объективтілігін және ғылыми аттестаттау рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған принципті ұстанымын көрсетеді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

«6D030100, 8D04203 – Құқықтану; 6D030200, 8D04201 – Халықаралық құқық» мамандықтар / білім беру бағдарламалары тобы бойынша ғылыми кадрларды даярлау тиімділігін арттыру мақсатында келесі шараларды іске асыру орынды деп саналады:

1. Диссертациялық зерттеулердің пәнаралық және практикаға бағдарланған сипатын күшейту, оның ішінде мемлекеттік органдармен, сот және құқық қорғау құрылымдарымен, ғылыми-зерттеу және сараптамалық-талдамалық орталықтармен өзара іс-қимылды кеңейту арқылы.
2. Докторанттардың халықаралық ғылыми ынтымақтастығын және академиялық ұтқырлығын дамыту, бірлескен зерттеу жобаларына, тағылымдамаларға, халықаралық ғылыми іс-шараларға қатысуын және шетелдік рецензияланатын басылымдарда жарияланымдарын ынталандыру.
3. Докторанттардың әдіснамалық, академиялық және жарияланымдық даярлығының деңгейін арттыру, оның ішінде құқықтық зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, академиялық жазу және ғылыми этиканың халықаралық стандарттарын сақтау мәселелері бойынша.
4. Диссертациялық зерттеулердің нәтижелерін білім беру процесіне, нормашығармашылық қызметке, құқық қолдану және сараптамалық-талдамалық практикаға неғұрлым белсенді енгізуге жәрдемдесу.
5. Жас ғалымдардың мемлекеттік және халықаралық гранттық жобаларға, конкурстар мен ғылыми бағдарламаларға қатысуын қолдау.

7. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін алу үшін ұсынылған диссертациялар саны

Есептік жылы заң бағыты бойынша:

1. Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ОВПО докторанттары) – 21, оның ішінде 1 диссертация доработкаға жіберіліп, ескертпелер жойылғаннан кейін қайта қорғауға жіберіліп, табысты қорғалды;
2. Қараудан алынған диссертациялар – жоқ;
3. Ресми рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар – жоқ;
4. Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім қабылданған диссертациялар – жоқ;
5. Доработкаға жіберілген диссертациялар – 1;
6. Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар – жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы
з.ғ.к., профессор _____ **У.А. Ахатов**

Ученый секретарь
диссертационного совета
з.ғ.к., қауымдастырылған профессор _____ **Е.Т. Алимкулов**